



ОБРАЗУЕТСЯ СОФАМ ОБРАЗОВАНИЯ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ



Бұландаған қыз Құртқа,
Оны да кімег тапсырың? –
дегенде, Қобыланды ата-ананы,
тысқан-туғанды, жарды керек қыл-
майтын тас бауыр, тас жүрек қас-
қыр сияқты тек қаншер, ан мінезді
адам емес, шын адам екендігін жыр-
дың мына сезі көрсетеді.

«Жүргегі сөзге өрекпіл,
Батыр да Қобылан тарықты.

Қобыланды батыр туралы
МҰХТАР ӘУЕЗОВ жазған еңбектің
үзінділері былай сейлейді:

«...Қобланды (М.Әуезов осылай
түсірғен — Е.А.) бұл әңгімеде ел қор-
ғаны болған, елінің мақтаны, айбы-
ны болған батыр.

Қобландының батырлық мінезін,
батырлық туысын ел әңгімесін өзінше

тілеген ел батырды қиял қылған.
СОНДАҒЫ ТІЛЕГЕН, ҚИЯЛ ҚЫЛ-
ФАН БАТЫРЫ — ҚОБЛАНДЫ. Бұл
серікке қол алмайды. Елге ауыртпа-
лық тусірмейді. Елдің құрғана қор-
ғаны емес, езі ізденеді. Жақындағы
түгіл, айыстағы жаудан да ізденіп
барып ешил алды.

Қобландының бір басында әрі
басшы батырдың, әрі артынан ер-
ген қолданы да міндеті бар.

Қобланды сияқты батыры, айды-
ны болған заманда қыпшакты алар
жау жоқ. Алса қылқа да алады. Қоб-
ланды жоқта, қамсыза, бейбітте
алады. Бірақ **ҚОБЛАНДЫ ТҮРҒАНДА**
ЕЛГЕ ӨЛІМ ЖОҚ. ЕЛ ТІРШІЛГІН САҚТАУШЫ БАР...

...Қобланды әңгімесі басында
шыны жақын болған, бір уакығын
сарынынан туған әңгіме дедік. Бұл
— Қобланды әңгімесінің ескіден келе
жатқан непіз. Бұл әңгіме **ЖАЛҒЫЗ**
ҚАЗАК ӘҢГІМЕСІ ЕМЕС, СОДАН
ҚАЛҒАН ҚАЗАК ШІШІНДЕГІ САР-
ҚЫНДЫСЫ...

...Күн батыс сынышлары: «Бар-
лық Азияның ақындық суреті ылғи
аисттан үлкенен алған мысалмен
келеді. Кепіртпей, аспандаттай са-
лыстыра алмайды» дейді. Ондағы-
сы сұлуды ай, жұлдызбен, жақсы-
лықты аспанмен, күнмен, құдайшы-
лық сыйратымен, діндарлық нанымы-
мен айтқан суреттерді айтады. Қоб-
ланды жырындағы суреттер ол
күйден аман. Бұның суреті — әмір
суреті. Әркіннің көз алдында көрініп
жүрген халдан алған сурет. Бірақ
ауаны үлкен, шұбарланған, тубі мол
сурет».

ЖЕР МЕН ЕР

Қобыланды — біреу.

Жыр нұсқалары көп.

Қобыландының ата-тегі немесе
ғұмырлық ерісі туралы болжамдар
да жеткілікті.

Сол болжамдардың бірін **МҰХТАР**
ӘУЕЗОВ былай сейлітті:

«...Орынбор архив комиссияның
мағлumatы бойынша, Елек қор-
ғанынан Ойылға қарай жүретін қара-
жолдың үстінде, Қобланды деген
бекет бар. Соның жаңында, Қоблан-
дының бейті деген бейт бар дейді.
Сол маңайдың қазағы Қобланды
жайынан ескілікті әңгіме айтады. Бұл
— Қобландының болған адам екен-
іне бір дәлел»... (Мұхтар Әуезов.
«Әдебиет тарихы». Алматы, «Ана-
тілі» баспасы, 1991 жыл 64-65 бет-
тер).

Осымен тоқтай тұрайық.

Әмір келте үзілген дарынды жас-
ғалым **СЕРИКБОЛ ҚОНДЫБАЙ**
«Есен-қазақ» деп аталағын зерделі
зерттеуінің «Ащыбас-Шат: тарих
жөн география» деп аталағын та-
рауында былай деген баяндайды:

«...Қобда мен Жиренқопа, Жи-
ренкел, Ешкіқыргаң, Бесоба деген
жерлер Қобыланды жырында кезде-
седі.

Білдің дөңге көз салса,

Бесоба деген дөң екен.

Ешкіқыргаң деген

Білдің тау екен.

Тұран жерге көз салса,

Жирен деген көл екен...

ҚҰБЫЛА

Жөн:
Жайықтың арасы бетінде
Жиренқопа дөгөн жер еді,
Бесоба деген дөң еді...

Жиренқопа — бүгінгі Ақтөбе об-
лысының Қобда ауданы жерінде,
Қобда өзенінің бойында, оның Елек-
ке құяр сагасынан 20 км жоғары-
рақтағы жер аты. Ол — Ақтөбе қала-
сынан солтустік-батыс жақта тас
жол бойымен 220 км жерде. Міне,
осы Жиренқопа — эпикалық астам
батыр қарағылаш Қобыландының
жерленген жері, ол әдette батырды
ата қонысына да жерлеуі
мумкіндігін ескеріп, батырдың ата-
конысы болып табылады.

Қарақобда деген жер — Әмет ба-
тыр жырында кездесіп, эпостық

Әмет пен Алаудың коньстары ретінде
аталады. Қобда атауы — Қекшे

батыр, Әмет жырларында Орак-Ма-

майдың мекені ретінде кездеседі.

Осы өзен аңғарына қатысты біздің

назарымызды аударған үш жайт бар.

Бірнеші — Қара Қобда өзенінің бас-

тау алатын тауының аты Қаралған тау

делінің; екінші — осы Улкен Қобда

өзенінің сол жағалық белгінде, Ақтө-

бенің батысындағы Новоалексеевка

селосы маңында мифозпікілік ба-

тыр — Абаттың моласы тұруы;

Ушінші — осы өзенінің қазақ-орыс ше-

карасындағы Елек өзенінің құюна 20 км

калған тұста қарағылаш Қобылан-

дының да моласы бар.

Ұлы Қобда бойында

Қобыландының моласы.

Ажалағ кімнің шарасы.

Салынған белгі тамы бар,

Бұрыннан қалған жоба бар, —

демекші, осы Қобыланды сияқ-

ты тарихи емес, бірақ күрделі

мифтік-эпостық тұлғаның да, осы

бейнелі Абаттың да Қобда бойында

жатуы өсте кездейсоқ жайт емес. Бұл

— осы аймақтың да бір кездері эпос

тұдышуры орта болғандынын ха-

бар бергендей»... (Серікбол Қонды-
бай. «Есен-қазақ». Алматы, «Уш
кін» баспасы, 2002 жыл 341-342
беттер).

Ендігі әңгімемізді Серікбол
Қондыбайдың осы кітаптың со-
нына («Сонғы түйін») келтірген
ұсыныстарымен жалғастырып
әкетелік.

«...Ал нақты өз зерттеуіміздің қоры-
тындысына келсек, кітапта көрсетіл-
ген жер-су атаулары — бүлгін Ман-
ғыстау облысынан, сондай-ақ ішінде
бағасы да, Ақтөбе, Атырау, Батыс
Қазақстан облыстарының аумағында
нақты координаттары бар нүкте-
лер. Олардың бәрі болмаса да біра-
зы — үлт үшін рухани маңызы зор
боловлық (егер нақшатталса,
арнине) нысандар: Шынырлау,

Жиренқопа, Ащыбас-Шат, Есен-

қазақ, Манаши-Күйкеншікан,

Сұмбетемір-Алан, Баба тұті Шаш-

ты Әзіз, Есен-ата, Абат-Байтақ,

Ақшабас-Айрақты, Шетпе-Айрақты,

Жапырақты, Әлеу-Мейрам сияқты

нүктелер — әспеттеу тұралық ны-

сандар. Сондықтан оларды жарату

жолдарын қарастыру керек-ақ. Жер-

су атауларынан басқа, Қырымның

қырық батыры («Қобыланды ба-

тыр» жырының кейір бұлдырылған-

асы «Қырымның қырық батырынан

еңеді — Е.А.), Сыпьра, Тоқта-

мис, Ерек Айрық, Орак батыр,

Өзіншің Қарахан Құртқа, Алау, Абат,

Асан қайыры сияқты мифтік эпостық

жөн тарихи бейнелердің де жер бетін-

де, соулет немесе мүсін-монументал-

дық ескерткіштерде нақты көрініске

не болу жағын да ойластыры-

ғаның артықтығы жоқ. Оның төмөн-

дегідей мүмкін жолдары бар:

а) Үлттық тарихи-ландшафтты

(мысалы, Жиренқопа, Абат, Ащыбас —

Шат, Айрақты, Ақшабас - Айрақты,

Манаши - Күйкеншікан, Есен-қазақ

түлей, Есен-ата, т.б.) немесе

үлттық табиги-мемориалдық пар-

ктер үйімдестері...

б) Үлттық тарихи жол немесе

маршруттарды (Алаторпа — Айра-

қы, Маната — Бейнеу, Жирен-

(Материалымыздың көтер-
ген тақырыбына байланысты
дереккөздерінен алынған сездер
мен жолдарды өзіміз өрекшелеп
көрсеткөнімізді есke саламыз).